



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қаңтар 2025

2025 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 8,9%-ға дейін жеделдеді. Бағалардың жылдық өсімі инфляцияның барлық құрамдас бөлігінде байқалды. Азық-түлік тауарлары бағасының өсіміне кей өнімдердің айтарлықтай қымбаттағаны себеп болды. Азық-түлік емес тауарлардың жылдық инфляциясы тұрақты тұтыну сұранысы мен ұлттық валютаның номиналды айырбас бағамы әлсірегендіктен күшейді. Қызмет көрсету саласындағы инфляция да жылдық мәнде жеделдеп, кейбір қызметтердің қымбаттауына нарық және реттеу факторлары әсер етті. Сондай-ақ реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің бағасы да жылдық мәнде қарқын алды.


2025 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 8,9%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы желтоқсанда – 8,6%). Бағалардың айлық өсімі де жеделдеп, 1,1% болды.

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияның айлық көрсеткіші 1,01%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы желтоқсанында – 0,77%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция құрылымында азық-түлік инфляциясы 1%-ға, азық-түлік емес тауарлар инфляциясы 0,8%-ға, ал қызмет көрсету инфляциясы 1,2%-ға дейін жеделдеді.

Маусымдық факторларды ескермегенде, май және тоң май, балық пен теңіз өнімдері, қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер, тұрмыстық техника, автокөліктер, жеке қолдану тауарлары, қаржылық қызметтер, сақтандыру және тұрғын үйді жалға алу бағаларының айтарлықтай өскені байқалды (2-график).

2025 жылғы қаңтарда әртүрлі әдіспен есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық мәні¹ де одан ары өсіп, айлық мәнде 0,92%-ға, ал жылдық мәнде 11,7%-ға жетті. Бұл көрсеткіштің жеделдеуі 2024 жылғы қазаннан бері байқалып отыр.

Сонымен қатар, кейінгі айларда базалық инфляцияны бағалау диапазонының төменгі шегі жоғарылады, бұл инфляцияның неғұрлым тұрақты құрамдас бөліктеріндегі баға өсімін және проинфляциялық қысымның айтарлықтай сақталып отырғанын көрсетеді (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік тауарларының бір жылдағы қымбаттау қарқыны 5,8%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы желтоқсанда – 5,5%). Негізгі проинфляциялық ықпал майлар мен тоң майдың, сондай-ақ еттің қымбаттауынан болды. Сонымен бірге, нан-тоқаш өнімдері, жарма және жеміс-жидек бағасының жылдық инфляциясының баяулауы, сондай-ақ жұмыртқа бағасының жылдық дефляциясы негізгі дезинфляциялық фактор ретінде әсер етті (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік тауарларының қымбаттау қарқыны айлық мәнде 1,4%-ға өсіп, өткен айдағы көрсеткіштен асып түсті (2024 жылғы желтоқсанда – 1,1%). Баға өсімінің жеделдеуі көкөністер, майлар мен тоң май, ет, нан-тоқаш өнімдері және жарма секілді жекелеген тауар топтарының айтарлықтай қымбаттауына байланысты болды. Сонымен қатар, негізгі азық-түлік тауарларының бағасында, негізінен, оң динамика байқалды.

Көкөніс бағасының өсу қарқыны салыстырмалы түрде баяулағанымен, үшінші ай қатарынан азық-түлік инфляциясының негізгі қозғаушы күші болып отыр. Қаңтарда көкөніс бағасы 6,1%-ға өсті (2024 жылғы желтоқсанда – 8,7%). Баға өсіміне ең қатты әсер еткен картоп болды, оның бағасы өндіріс көлемінің қысқаруына, ауыл шаруашылығындағы өндіруші бағалардың өсуіне және қордың аздығына байланысты 16,4%-ға қымбаттады. Сондай-ақ, ақ қырыққабат (8,8%), сарымсақ (6,4%), қияр (5,4%), түрлі-түсті қырыққабат (4,4%) және қызанақ (3,5%) бағаларының өскені байқалды.

Бір айдағы азық-түлік инфляциясына қосымша қысым майлар мен тоң май бағасының жеделдеуі аясында күшейді: қаңтарда бұл тауарлар 3,5%-ға қымбаттады (2024 жылғы желтоқсанда – 1,9%). Әсіресе, сары май (4,1%) және күнбағыс майы (3,9%) бағасы өсті. Бағаның қымбаттауына өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы өскені, сондай-ақ күнбағыс дәнінің қымбаттауы нәтижесінде өндіріс шығындарының көбейгені әсер етті. Сонымен қатар, өсімдік майларының әлемдік бағасы жоғары деңгейде қалуы сыртқы факторлардың ішкі нарыққа ықпалын күшейтіп отыр.


Ет бағасының өсу қарқыны да жеделдеп, желтоқсандағы 0,4%-дан қаңтарда 1,1%-ға дейін жетті. Негізгі әсер етуші фактор – қызыл ет өндірісінің қысқаруына байланысты сиыр етінің 1,8%-ға қымбаттауы. Сонымен қатар, құс еті 0,6%-ға, жылқы еті 0,4%-ға, ал шошқа еті 0,2%-ға өсті.

Қаңтарда нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы да 0,4%-ға өсті. Бұл санатта нан (0,8%) және ұн (0,4%) бағалары қымбаттады. Дегенмен, қаңтарда қарақұмық жармасы (1,5%), күріш (0,6%), сұлы жармасы мен тары (0,1%) бағасы арзандады.

Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары

2025 жылғы қаңтарда FAO-ның азық-түлік бағалары индексі айлық мәнде 1,6%-ға төмендеді, ал жылдық өсім баяулап, 6,2% болды. Барлық негізгі азық-түлік арзандады, тек астық пен сүт өнімдерінде мұндай үрдіс байқалған жоқ. Сонымен қатар, астық пен өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағалары бір-біріне жақындағаны байқалды, ал қант пен ет бойынша баға айырмашылығы ұлғайды.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²


2025 жылғы қаңтарда әлемдік нарықта өсімдік майларының бағасы (АҚШ долларымен) өткен айдағымен салыстырғанда 5,6%-ға төмендеді. Бұл негізінен пальма және рапс майларына деген сұраныстың азаюына байланысты болды, ал күнбағыс майының бағасы өзгеріссіз қалды. Дегенмен, жылдық есепте өсімдік майларының бағасы 24,9%-ға өсті.

Әлемдік бағалардың айтарлықтай төмендеуі мен ішкі нарықтағы бағалардың өсуі нәтижесінде өсімдік майларына қатысты баға айырмашылығы қысқарды (6-график).

2025 жылғы қаңтарда әлемдік нарықта астық бағасы (АҚШ долларымен) сәл жоғарылап, 0,3%-ға өсті, бұл, негізінен жүгерінің қымбаттауына байланысты болды. Бидай бағасы өзгеріссіз қалып, күріш арзандады. Жүгері бағасының өсуіне ұсыныстың азаюы мен Аргентинадағы қолайсыз ауа райы, сондай-ақ АҚШ-тағы өндіріс пен қорға қатысты болжамдардың нашарлауы әсер етті. Жылдық есепте астық бағасы 9,3%-ға түсті.

Сонымен қатар, 2025 жылғы қаңтарда әлемдегі астық бағасы (теңгемен есептелген) мен ішкі нарықтағы нан-тоқаш өнімдері және жарма бағалары арасындағы айырмашылық біршама қысқарды. Бұл, негізінен, теңгенің номиналды айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты болды (5-график).

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

² Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді.

7-график. Қант, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы қаңтарда әлемдік нарықта ет бағасы (АҚШ долларымен) өткен айдағымен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді, бірақ жылдық есепте 8,1%-ға жоғары болып қалды. Бағаның төмендеуі негізінен қой еті, шошқа еті және құс еті бағаларының арзандауына байланысты болды. Сонымен қатар, жоғары сұраныс аясында сиыр еті қымбаттады.

Қаңтар айында ішкі және әлемдегі ет бағасының (теңгемен есептелген) айырмашылығы қайтадан ұлғайды. Бұл ет бағасының әртүрлі бағытта өзгеруімен түсіндіріледі: ішкі нарықта баға өсіп, ал сыртқы нарықта төмендеді (8-график).

8-график. Ет, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік емес инфляция

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік емес тауарлардың жылдық бағасы 8,4%-ға дейін жеделдеп, 2024 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен (8,3%) асып түсті. Бұл санатта тұрмыстық техника, зергерлік бұйымдар мен сағат, автомобиль, дәрі-дәрмек, емдік жабдықтар мен аппаратура бағасының өсу қарқыны жеделдеді.

Сонымен қатар, тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен жабдықтар, дыбыс-бейне шолу жабдығы, құрылыс материалдары және тас көмір бағасының жылдық өсімі баяулады. Бұдан бөлек, шыны бұйымдары мен жеке пайдалануға арналған электр құрылғылары секілді жекелеген тауар топтарында жылдық дефляция байқалды (9-график).

9-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік емес тауарлардың бір айдағы баға өсімі 0,6%-ға дейін баяулады (2024 жылғы желтоқсанда – 0,8%). Баға өсімінің бәсеңдеуіне жекелеген тауар топтарының арзандауы әсер етті. Атап айтқанда, тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен жабдықтардың бағасы (-1,7%), сондай-ақ үй шаруашылығына арналған тауарлар мен қызметтердің бағасы (-0,2%) теріс аймаққа өтіп, азық-түлік емес тауарлар сегментіндегі кері динамикаға ықпал етті.

Сонымен қатар, жиһаз және тұрмыстық заттардың бір айдағы баға өсімі 2024 жылғы желтоқсандағы 1,2%-дан 2025 жылғы қаңтарда 0,1%-ға дейін, жанар-жағармай материалдарының бағасы 0,3%-дан 0,1%-ға дейін баяулады. Жеке пайдалануға арналған электр тауарлары мен дыбыс-бейне шолу жабдықтары бағасының айлық өзгерісі нөлдік деңгейде қалып, бұл да азық-түлікке жатпайтын инфляцияның тежелуіне әсер етті.

Дегенмен, кейбір тауар топтары баға өсіміне ықпал етуді жалғастырды. Мысалы, ұзақ уақыт бойы төмендеген тұрмыстық техника мен шыны бұйымдар бағасы тиісінше 3,9%-ға және 0,8%-ға өсті. Сондай-ақ, автокөлік (2,4%), тас көмір (1,1%), құрылыс материалдары (0,6%) және киім тігуге арналған материалдар (0,5%) бойынша бір айдағы баға өсімі жеделдеді.

Қызмет көрсету инфляциясы

2025 жылғы қаңтарда қызмет көрсету саласындағы бағалардың жылдық өсімі 13,8%-ға дейін жеделдеді. Бұл үдеріс амбулаторлық қызметтердің, шаштараз және жеке қызмет көрсету орындарының, тұрғын үйді жалға беру, қоғамдық тамақтану және кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтерінің қымбаттауына байланысты болды (10-график).


Айлық мәнде де баға өсімі 1,1%-ға дейін жеделдеді. Нарық қызметтері ішінде жекелеген санаттар бойынша айтарлықтай баға өсімі байқалды. Атап айтқанда, қаржылық қызметтердің бағасы 5,7%-ға өсті, бұл ақша аударымдары бойынша комиссиялардың (6,5%), төлем жүргізу қызметтерінің (6,1%) және карталар бойынша қызмет көрсету комиссияларының (2,5%) өсуімен түсіндіріледі. Сондай-ақ, сақтандыру қызметтерінің бағасы 3,7%-ға қымбаттады, оның ішінде автокөлікті сақтандыруға қатысты қызметтер 6,5%-ға өсті.

Амбулаторлық қызметтердің бағасы да 2025 жылдың қаңтарында 2,4%-ға көтерілді. Бұл кепілдендірілген тегін медициналық көмек аясында және міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру³ жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер тарифінің өзгеруімен байланысты болды.

Сонымен қатар, кешенді демалыс ұйымдастыру қызметтері (5,5%-дан 1,1%-ға), қонақүй қызметі (3,1%-дан 0,3%-ға) және қоғамдық тамақтану (2%-дан 0,6%-ға) салаларында айлық баға өсімінің баяулағаны байқалды.

10-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы қаңтарда реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің бір айдағы қымбаттау қарқыны өзгеріссіз қалып, 0,9% деңгейінде болды (жылдық мәнде – 21,6%) (11-график). Қаңтар айында ең жоғары өсім орталық жылу тарифтерінде тіркеліп, олар 2,2%-ға қымбаттады. Сондай-ақ, ыстық су бағасы 1,7%-ға, электр қуаты тарифтері 1%-ға өсті. Сонымен қатар, салқын су, су бұру және газ тарифтері өзгеріссіз қалып, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жалпы баға өсімін тежеді.

³ [Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің тарифтерін бекіту туралы.](#)

11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2025 жылғы қаңтар, а/а, %




Источник: БНС АСПР РК

Өндірушілер бағалары

2025 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы бидайдың арзандауына байланысты одан ары төмендеді. Азық-түлік өнімдерін өндірушілердің бағасы бірқалыпты өсіп жатыр. Қызмет көрсету саласында теміржол және әуе көлігі арқылы жүк тасымалдау тарифтері өсті. Жылжымайтын мүлік бағасы мен жалдау ақысы да өсімін жалғастырды.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы қаңтарда өсімдік шаруашылығындағы бағалар ары қарай төмендеді, бұған, негізінен 2024 жылы астықтың мол қоры жиналғанына байланысты бидайдың арзандағаны әсер етті. Сонымен қатар, жылдық мәнде қырыққабат, сәбіз, сұлы және қарақұмық бағасының төмендегені байқалды.


Мал шаруашылығында өндіруші бағалары бірқалыпты өсіп жатыр. Малға азық астық арзандағанына қарамастан, малды күтіп-бағу мен оны өсіруге кететін шығындар өндіруші бағаларына әлі де жоғары қысым түсіріп отыр (12-график).

Өңдеу өнеркәсібінде азық-түлік өнімдерін өндірушілер бағасының өсу қарқыны жеделдеді (13- график). Өсімдік майы мен майлардың бағасы 9,6%-ға, сүт өнімдері 5,3%-ға, ет өнімдері 6,8%-ға, ұн және жарма өнімдері 5,3%-ға қымбаттады.

Керісінше, дайын мал азығын өндірушілердің бағасы одан ары түсті.


Электр және сумен жабдықтау тарифтерінің өсуі, жүк тасымалдау мен сақтау қызметтерінің қымбаттауы өндіріс шығындарының өсуіне ықпал етіп, өндіруші бағаларының динамикасына әсер етіп отыр.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

14-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


15-график. Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік өнімдерін көтерме жеткізу бағасы өсе түсті, бұл ТМД елдерінде өндірілген тауарлардың қымбаттауымен байланысты болды (14- график). Азық-түлік өнімдері арасында құнбағыс майы, жаңғақ, кофе, дәмдеуіштер, қант, кондитерлік және нан-тоқаш өнімдері қымбаттады. ТМД-дан тыс елдерде өндірілген тауарлар ішінде какао мен дәмдеуіштердің бағасы өсті. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында ТМД елдерінен әкелінген импорттық маталар, фармацевтикалық өнімдер және ТМД-дан тыс елдерде өндірілген автомобильдердің бағасы өсуін тоқтатқан жоқ (15- график).

16-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

17-график. Жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы қаңтарда жүк тасымалдау тарифі жылдық есепте 14,6%-ға өсті. Тарифтердің өсуі вагон паркінің жаңарғанына және жұмысшылардың жалақысы өскеніне байланысты болды.

Әуе көлігімен жүк тасымалдау бағасының өсу қарқыны аздап баяулап, 1,0% болды, ал автокөлік тасымалы 0,7%-ға қымбаттады (16- график).

Қазақстанда жаңа тұрғын үй бағасы орташа есеппен 4,1%-ға қымбаттады, тек Атырау қаласында керісінше 4,1%-ға арзандады. Ең қатты баға өсімі Павлодар, Ақтөбе және Көкшетау қалаларында байқалды.

Екінші нарықтағы тұрғын үй бағасы 6,1%-ға өсті, әсіресе Атырау қаласында (17,3%). Ал Өскемен, Қарағанды, Орал және Алматы қалаларында баға төмендегені байқалды (3,3%, 1,6%, 0,7% және 0,4%). Сонымен қатар, жалға беру бағасы 10%-ға қымбаттады (график 17).